

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:13.04.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Диктант "Шыршалы тоғайда"		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>1.Оқушылардың зат есім,етістік,сын есім туралы алған білімдерін қорытындылау мақсатында диктант алынады .Оқушылардың білімдері тексеріледі.</p> <p>2.Оқушылардың сауаттылығы,қатесіз жазу дағдылары дамытылады.</p> <p>3.Ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі:білімдерін тексеру.</p> <p>Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,жазбаша жұмыс</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқыңды, Шеңберге тұр, – деп баршанды</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексер</p> <p>- Зат есім дегеніміз не?</p> <p>- Зат есімге қандай сұрақтар қойылады?</p> <p>- Жалқы есім дегеніміз не? Мысал келтір.</p> <p>- Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір</p> <p>-Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не?</p> <p>-Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не?</p> <p>-Етістік дегеніміз не?</p> <p>-Сын есім дегеніміз не?</p> <p>*Диктантқа дайындық</p> <p>-Сөйлем қалай жазылады?</p> <p>-Сөйлем аяқталған соң қандай тыныс белгілері қойылады?</p> <p>*Сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.</p> <p>-Бүгін диктант жазамыз.</p>		
Мағынаны тану	<p>*Мәтінмен жұмыс.</p> <p>1. Мәтінмен таныстыру.</p> <p style="text-align: center;">Шыршалы тоғайда</p> <p>Біз шыршалы тоғай ішінде серуендеп жүрген болатынбыз.Бір мезетте қараңғы тоғайға келіп кірдік.Тарлау соқпақ көрінді.Осы кішкентай соқпаққа түсіп жүріп кеттік.Соқпақ бізді қалың шөбі бар алаңға алып шықты.Біз шүйгін жасыл шөп үстінде демалмақ болып жата қалдық.Иттің үрген дауысы естілді.Ит қып-қызыл түлкіні қуып жүр екен.</p> <p>2.Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>3.Тапсырма:</p> <p>1.Мәтіннен зат есімдерді,етістіктерді,сын есімдерді тапқызып,астын сызғызу.</p> <p>2.Тоғай,түлкі сөздеріне дыбыстық талдау жасату.</p>		
Сергіту сәті	<p>Біз жазамыз,жазамыз, Саусақтарымыз талғанша. Дем аламыз,бой жазамыз, Қайта жазу жазамыз.</p>		
Ой толғаныс	Тест тапсырмаларын орындау.		
Үйге тапсырма	Қайталау.		
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>		

Тексерді:

